Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер күні мерекесіне орай өткізілген онкүндіктің іс-шаралары туралы мәлімет

Қарамеңді батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде Тілдер мерекесіне байланысты біраз іс-шаралар мен жұмыстар жүргізілді. Іс-шара жұмыстарына оқушылар мен ұстаздар белсене қатысып, жұмыла жұмыс жасады. Тіліміздің қанатын кеңге жаюға басқа ұлт өкілдерінің балалары да өз үлестерін қосты. Тіл мерекесіне арналған онкүндіктің жоспарымен таныстыру мақсатында лездеме өткізіліп, онкүндіктің жоспарымен таныстырылды. Қыркүйек айының 5-нен бастап жоғары сыныптар арасында онкүндіктің жоспары құрылды.

5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай қазақ тілі пәні мұғалімі Қасым Жанар Күсегенқызы 5-6 сынып оқушылары арасында «Қырық мысал ғибраты» зияткерлік ойын өттізді.
https://www.instagram.com/reel/C_hvPRwNAbD/?igsh=cXhka2xscmVteTc5

Барлық сыныптар арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C_sFRyFtkLA/?igsh=dTRpNm83cnVlaWI0
https://www.instagram.com/p/C_sFRyFtkLA/?igsh=dTRpNm83cnVlaWI0

«Тіл –халықтың тағдыры» тақырыбына кітапханашы Дубицкая Н.А. көрме және орта буын оқушылары арасында «Тіл аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Қыркүйек айының 9 күні орыс тілі пәнінің мұғалімі Абилова Татьяна Петровна 7 сынып оқушыларына «Сәкен Сейфуллин мұрасы» атты сынып сағатын өткізді.
https://www.instagram.com/p/C_sB0m3tlzl/?igsh=MTk0cnA0cG9tNnR2NQ==

Тілдер мерекесіне орай мектебімізде 5-6 сыныптар арасында ағылшын пәнінің мұғалімі Дуйсенова Салтанат Бегдилдиновна «Let's speak English» тақырыбында ағылшын пәнінен зияткерлік ойын өтті. Мақсаты: оқушылардың тіл байлығын арттыру, тілге деген құрмет.
Оқушылар бұл ойынға үлкен дайындықпен, тіл үйренуге деген құштарлығымен, талабымен жан-жақты ізденіп қатысты.
https://www.instagram.com/reel/C_8GBl1tNuM/?igsh=d2UxMG16bjVtMXNn

Қазақ тілінің мұғалімі 6-10 сыныптар арасында "Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар" атты зияткерлік ойын өтті. Мақсаты: оқушылардың тіл байлығын арттыру, мақал-мәтелдердің қолдану аясын кеңейту. Сайысты ұйымдастырған қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Костин Қуандық Хайдарұлы.
https://www.instagram.com/p/C_0QYZVtez5/?igsh=MXE4ODJkYnVrajV5YQ==

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекмурзаева Нұрсұлу Фархадқызы 6-10 сыныптар арасында "Ұлт игілігі-ұлттық құндылық" атты зияткерлік ойын өтті. Мақсаты: оқушылар арасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттау. Сонымен қатар зияткерлік сайыста «Айтыс-бабалар мұрасы» атты кезең өтті. Оқушылар айтыстың ерекшеліктерін түсіндіріп, өзара пікір алмасты.
https://www.instagram.com/p/C_0QI9tN2we/?igsh=MTFxaDY2cWNob3Jneg==

Капбас Б.Е. тәлімгердің ұйымдастыруымен мектеп өзін- өзі басқару ұйымы мектеп оқулары арасында «Мен қазақ тілін білемін» сұхбаты ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/reel/C_x1h5GNbKg/?igsh=MWdoczhnNThoZTRxNw==

Осындай іс-шараларды өткізу барысында оқушыларымызға тілді ұлттық мұра ретінде сезіндіріп, тіл мәдениетін сақтай білуге, тілдің қадір-қасиетін бойларына дарыта аламыз. Оқушылардың еліне, ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттырамыз.

Б.Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс.

Scanned with CamScanner